



ДАУ-ДАМАЙ



ШАҒЫН АУДАННАН ШУ ШЫҚТЫ

Шенеунік пен қарапайым халықтың ортақ тіл табыса алмауының салдарынан әртүрлі «әттеген-айлар» болып жатады. Тараздың іргесіндегі даудың тұтануына дәл осы билік пен халықтың өзара түсінісе алмауы себеп болған көрінеді. Әйтпесе ай аман жұрт тынышта 40 шақты шаруаның табанақы, маңдай тері еш кетпес еді ғой.

(Жалғасы 3-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ



ЖОЛЫ АУЫР

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

«Бүгінде жүннің бар-жоғы 14 пайызы, терінің 30 пайызы ғана өңделеді. Қалғаны не шіріп жатыр, не болар болмас ақшаға сатылуда. Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегі бойынша, терінің 60 пайызы қайда кетіп жатқаны белгісіз. Бұл өте үлкен шығын»

(Толығырақ 4-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
45,77


DOLLAR
343

EURO
383

РУБЛЬ
5,25

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Сендер
мына сыныпта
оқисындар



(Жалғасы 2-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2016

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі
65032

Жазылу мерзімі	Алматы	қала	ауыл
1 айға	225,29	235,86	248,6
3 айға	675,87	707,58	745,8
6 айға	1351,74	1415,16	1491,6
12 айға	2703,48	2830,32	2983,2

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫ
jasqazaq.kz

«Жас қазақ» газетіне
2016 жылға жазыну жалғасуда



Тәртібі: 2

2

КҮЙБЕЛЕҢГЕ
ТҮСІРГЕН
ҚИЫРШЫҚ
ТАС

3

ЖЕРІ БАР
АДАМ
ЖАУАПТЫ

ӨЗІНЕ ТӘН
ЭКОНОМИКА

5

СЕКТАДАН
САҚ
БОЛАЙЫҚ!

6

on the web
JASQAZAQ.KZ

Семей полигонының жабылғанына – 25 жыл!

Апта басында Астанадағы Тәуелсіздік сарайында «Ядролық қарусыз әлем құру» атты халықаралық конференция өтті. Конференцияда мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев, шетелдік және отандық саясаткерлер мен ғалымдар баяндама жасады.

БЕЙБІТ БАСТАМА

Биыл Семей полигонының жабылғанына 25 жыл толып отыр. Нақтырақ айтсақ, Н.Назарбаев 1991 жылдың 29 тамызы күні «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал 2009 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Қазақстанның бастамасын бірауыздан қолдап, 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың Халықаралық күні ретінде жариялау туралы қарар қабылдаған болатын. Міне, содан бері бұл күн халықаралық деңгейде аталып өтілетін болды.

Мемлекет басшысы өз баяндамасында 29 тамыз барша адамзаттың тарихындағы айтулы күн екенін айтты. Сондай-ақ ол Семей полигонының адамзатқа әкелген қайғы-қасіретінің қалың болғанын тілге тиек етті.



Елбасы «Осыдан 25 жыл бұрын менің Жарлығыммен жер бетіндегі ең үлкен ядролық сынақ алаңының бірі – Семей полигоны жабылды. 40 жыл бойы ядролық жарылыс жасаған полигонның үні біржолата өшті. Осылайша, халқымыз Тәуелсіздік таны атар сәтте бейбітшілік жолын таңдайтынын барша әлемге паш етті. Бұл еліміздің жаһандық қауіпсіздік көшін бастаған теңдессіз қадамының бастауы еді. Биыл біздің еліміз Тәуелсіздігінің 25 жылдығының мерейлі белесін атап өтеді. Еліміз ширек ғасырдан бері тұтас жер бетін бейбітшілікке бөлеу үшін бар күш-жігерін салып келеді, – деді.

Сондай-ақ Президент Казак елі әлемдік қауіпсіздік жолында көптеген тың бастама көтергенін мәлім етті. Мәселен, мемлекет басшысы ұсынған «Әлем ХХІ ғасыр» манифесінде еліміздің сан жылдық ерік-жігері көрініс тапқан.

Н.Назарбаев «Біздің бейбіт бастамамыздың бәрі де әлем қауымдастығының жаппай қолдауына

ие болды. Соның нәтижесінде еліміз жаһандық ядролық қарусыз әлем қозғалысының көшбасшысына айналды. Біздің ұсынысымызбен бүгін жер жүзі 29 тамызды халықаралық ядролық сынаққа қарсы іс-қимыл күні ретінде қабылдады. Бұл Қазақстанның бейбіт бастамасы жер бетіндегі барша елдің мүддесіне сай келетінін және олардың қолдайтындығын көрсетті. Бүгінгі өтіп отырған форумда бәрімізді ортақ мақсатқа жұмылдырып, жаһандық қауіпсіздікті нығайта түсуге сүбелі үлес қосарына сенемін, – деді.

Конференцияның соңында Президент бірнеше тың ұсыныс жасады. Нақтырақ айтсақ, ол алдағы уақытта ядролық қарусыздану саласындағы арнайы сыйлық тағайындалатынын мәлімдеді. Бұдан бөлек, мемлекет басшысы ядролық қару бойынша жалпыға бірдей конвенция қабылдау керек екенін айтты. Аталған құжатта ядролық қаруға тыйым салып, оны жоюдың нақты мерзімі көрсетілуі тиіс.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

200

млн теңге. Атырау облысында мақсатсыз жұмсалған қаржы

21

млн теңге. Ақмола облыстық «Қазпошта» АҚ басшылығы осынша ақшаны ұрлап, несиесін жапқан

370

мың оқушы биыл өлімізде мектеп табалдырығын аттады



Марианна ГУРИНА, «Ұлағатты жанұя» қоғамдық қорының президенті:

«Бұрын ұстаздар әр пәтер, үйді аралап тұрғындардан «балалары бірінші сыныпқа бара ма?» – деп сұрайтын. Қазір бұл жұмыс мүлдем жүргізілмейді. Сол себептен қанша оқушы келетінін білмейді. Кітап жетіспейтіндігі содан. Жылда осы. Министрліктегілер қанша айтса да, жағдай түзелер емес»

Эльмира СҰХАНБЕРДИЕВА, Білім және ғылым вице-министрі:

«24 тамыздағы тексеру бойынша, жаңа оқу жылында барлық мектепке, оқулық 99% жеткізілген. Жалпы алғанда, білім беру жүйесі жаңа оқу жылына дайын. Егер бізде қандай-да бір мәселе болса, біз жергілікті органдармен біріге отырып шешеміз»



ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

1-сыныпта 17 класс! Иә, дәл солай. Алматының Алатау ауданына қарасты Шаңырақ-2 ықшам-ауданындағы №26 мектепте биыл 480-ге жуық бала бірінші сыныпқа қабылданған.



Әр класка 25-30 баладан бөлген күннің өзінде «П», «Р» сыныбын ашуға мәжбүр болған. Мектеп директоры Баян Елеунурова бала санының көбеюін аталған ықшамауданға халықтың көптеп қоныстануымен түсіндіріп отыр. Бұл жағдай Шымкент қаласында да тіркеліпті.

П-да, Р-да бар

Құрық



Шенеунік пара алған

Есеп-қисабың еш кедергісіз өтсін десең, пара бер. Пара бер де, бара бер.

Оңтүстік Қазақстан облысының шенеуніктері 60-тан астам медициналық мекемелердің бас дәрігері мен есепшісінен пара алып отырған. «Рахмет» құны бюджеттік ұйымға байланысты 5 мың теңгеден 100 мың теңгеге дейін жеткен. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұлттық бюросының Оңтүстік Қазақстан облыстық департаменті паракорларды қамауға алды.

Әлеумет.т⁰



Күйбелеңге түсірген қиыршық тас

Ақтөбе өңірі мұнайға да бай. Менделеев кестесінің өзге элементтерінен де құр алақан емес. Сонау карт Мұғалжар тауларының қойнауынан бүгінде тонналап қиыршық тас өндірілуде. Өндіруші компаниялар бүгінде көрсеткішті еселеп жатыр. Әрі оны мақтан тұтып, есебін де жария етеді. Үсті-үстіне кәсіпорын ашылып, жана жабдыктармен жабдықтауда. Жұмыс көлемін арттыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасап бағуда.

Ал сол манды паналайтын қарапайым халықтың жайын, әсіресе денсаулық жағын ойлап жатқан кім бар екен?

Бүгінде он шақты қиыршық тас зауытының арасында орналасқан Біршоғыр мен алыс емес жердегі елді мекен тұрғындары тас өндірісінің зардабын шегіп келеді.


Таяуда іссапар аясында оны тұрғындар да, дәрігерлер де, тіпті ауылдық округ басшысы да растап берді.

есепте тұр. «Жалпы, аллергиясы бар адамдардың барлығы есепке алына бермейді. Көбіне, астма бойынша қараймыз. Шаң жұтып, тыныс алу жолдары сыр бергендер жоқ емес.

Ақтоғай дәрігерлік амбулаториясының аға дәрігері Гүлнәр Абашева «Оларды амбулаторияда қараймыз, стационарда жатып ем алады. Бірқатарын облыс орталығында арнайы алерголог маманға жібереміз. Жалпы, ауылда қан қысымымен ауыратындар көп, таулы жер болған соң, күн салқын, артрит, полиартритке шалдыққандар жиі кездеседі», – дейді.

Өз кезегінде Біршоғыр ауылдық округінің әкімі астматиктердің жайынан хабары бар, жоғарыда отырған шенділерді құлағдар еткен.

Ал округ әкімі шаң-тозаңға байланысты аудан басшысына хабар бердім дейді. Оның айтуынша, мәселені шешу үшін бірқатар шара қолға алынып жатыр. Бүгінде бұл маңда тек



Бүгінде, өңірдегі №1 мәселе – аллергия мен астма болып тұр. Ересектерден бастап, дүние есігін енді ашқан сәбилерге дейін дем ала алмай дал. Демікпеге шалдығып жатыр.

Бұл екі арада нендей байланыс бар дерсіз. Қиыршық тас өндірісінде көкке ұшқан шаң ауылға қара бұлт боп төнеді. Әсіресе қас қарая ауылдың айналасы қап-қара, таулы жер болғанымен, ай шарынбайтын түндер болады. Ауыл тұрғындары сымға жайып қойған кірлерінің қап-қара болатынына дейін айтып қалды сөз арасында.

Облыс орталығындағы ақпарат құралдарына бірнеше жылдан бері қонырау шалып, хат та жазып келеді. Өкінішке қарай, соңғы айларда «бұлардың да қолынан ештеңе келмейді екен ғой» деген сарындағы сөздер шыға бастады.

Жергілікті дәрігерлер де аллергия мен астма жайын жыр қылып отыр. 50 адам бүгінде

адам емес, үй жануарлары да ауру болуда. Сойылған малдың өкпе-бауыры жарамсыз болып қалады. Балалар арасында да аллергия мен астма кең етек жайып барады.

Айта кетейік, Біршоғыр ауылында 400 шанырақ бар. 2 мыңдай адам тұрады. Тұрғындар Мұғалжар тауын жан-жақтап қопарып жатыр деп алаңдайды. «Миллиондаған тонна тас өндіреміз деп, өзі шағын тауды тып-типыл етпесе нетті» деген үрей бар. Ал табиғаттың өз заңы туралы ешкім бас қатырып жатпаған секілді. Әсіресе, жергілікті әкім-қаралар мен өндіруші компаниялар.



Асқар АҚТІЛЕВ, Ақтөбе

Абзал БАЙМАНОВ, Қаржы министрлігінің мемлекеттік кіріс комитеті экономикалық тергеу қызметі басқарма басшысының орынбасары:



көрсетіп жүрген кәсіпорындардың салық төлеу қызметіне мониторинг жүргіздік. Бюджет қаражатын игерудің барлық санаты бойынша салықтан жалтарудың «сұр», яғни заңсыз жолы анықталды. Осындай күдік туғызатын кәсіпорындардың есеп-қисабы 3 триллион теңгеге жетті. Алдын ала болжам бойынша бюджетке 1 трлн теңгенің салығы төленбей қалды»

Сөз-жебе



«Біз өзіміздің ақпараттық жүйелерімізді пайдалана отырып, мемлекеттік бағдарлама аясында қызмет



(Басы 1-бетте)

Даудын басы — Дайрабайдың көк сиыры демекші, Тараздағы №14 шағынауданның іргесі қаланбай жатып, шу шықты. Бұған 2010 жылы қабылданған құжат себеп болса керек. Дәл осы жылы үкіметтің қаулысы бойынша Тараз қаласын кеңейту үшін Байзақ пен Жамбыл ауданынан 6 мың гектар жер қалаға кірген болатын. Бұл кезде 89 шаруаның меншігіндегі жерлер Жамбыл ауданына қараған. Олардың алды 107 гектар жерді 49 жылға, ал кейбіреулері, тіпті сатып алғанын айтады. Алайда 2010 жылдан бастап дикандардың егістік жері «мемлекеттің

пікірі. Ал Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің бастығы Бақытжан Сүгірбеков болса, халыққа ескерту жасағандарын айтады. Бұл арада үлкен түсінбеушілік бар екенін анық аңғаруға болады.

Өкінішке қарай, қызанақ, бұрыш, қызылша, пияз сынды сан түрлі бау-бақша өнімдері техниканың астында тапталып қалды. Ал әкімдік қызметкерлерінің диқандарға өнімін жинап алуға



ТАРАЗ: Шағын ауданнан шу шықты

мұқтажлығына керек» деген желеумен алына бастайды. Шенділердің қысымына шыдамаған 89 шаруаның көпшілігі әкімдік берген өтемақыға келісуге мәжбүр болады. Ал 20 шақты дикан әкімдік тағайындаған өтемақыға келіспей сотқа жүгінеді. Әйтсе де, сот қараша халықтың емес, әкімдіктің пайдасына шешім шығарған. Шаруалардың әкімдік берген өтемақыға келіспей дау шығаруы тегін емес. Өйткені, 2005 жылы 24 миллион теңгеге сатып алған 3 гектар жерді әкімдік 10 миллион теңгеге бағалаған. Бұған, әрине, жер емген дикан наразылық танытуда. Ал құзырлы органдар халықтың дәрменсіздігін пайдаланып, «10



миллион теңгені алсан ал, алмасан қой» деп шіреніп отыр.

Әкімдік қызметкерлері аталған жерге инфрақұрылым жүргізетінін шаруаларға айтып алдын ала ескертпеген болып шықты. Бұл халықтың

берген уақыты бүгін аяқталады. Әйтсе де шаруалар өздері еккен әртүрлі көкөністің қыркүйектің 10-15 күндері пісетінін айтады.

Серік ЖОЛДАСБАЙ

Нұржан
КӨПЖАСАРОВ,
диқан:

«Дәл қазір менің 2 гектар жерімдегі көкөністі қиратып, быт-шытын шығарып қазып жатыр. Техниканы жібермей екі күн тұрғанмын. Болмады. Кезінде әкімдік 8 соттық жердегі үйімді 5,5 миллионға бағалаған. Келісімшартқа қол қойылып, мәслихаттан өтті. Банктан есепшот ашып, ақшаны күттім. Бір жылдан кейін «сеңің құжатың дұрыс емес» деп сылтау тапты. Өкінішке қарай, әкімдік менің 2 гектар 6 соттық жерімді 1 миллион теңгеге бағалап, сот арқылы тартып алайын деп отыр. Егіні жайқалып тұрған 2 гектар жерді кім 1 миллион теңгеге сатады? Ол жердің құнарлы болып, жақсы өнім беруі үшін қыруар қаржы салдым. Әділетсіз соттың кесірінен жерсіз далада қалайын деп отырмын. Қазір менің үйім де, жұмысымда сол жер. Жасым 56 келгенде қайда барып жұмыс істеп, жан бағамын?»

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Көкейкесті

Кеше Парламент палаталарының бірлескен сессиясында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйлеп, депутаттардың алдағы уақытта атқаратын шаруасына тоқталды.



Елбасы өз сөзінде Ақтөбе мен Алматыдағы лаңкестік әрекетті еске алып, оның алдын алу керек екендігін мәлімдеді. «Өткен жазда орын алған оқиғалар әлемдегі бір-бір мемлекеттің, бірде-бір елдің террористік актіден аман қалмайтынын көрсетті. Террористік қауіп Қазақстан үшін өзекті мәселеге айналды. Бүгінде халықаралық күн тәртібінде жаһандық соғыстың алдын алу, адамзаттың ядролық өзін-өзі жойып жіберу қаупі өзекті мәселелерге айналып отыр», — деген Елбасы Парламентке экстремизм мен терроризмге байланысты заңды кешіктірмей қабылдау қажет екенін айтты. Сондай-ақ заң шығару үдерісінің аясын кеңейту қажет. Мемлекет басшысы «Жобаларды әзірлеу кезеңінде оған қоғамдық сарапшылар, үкіметтік емес ұйымдар және БАҚ өкілдерін тарту керек», — деді. Жаңа сессияның аясында 50-ге жуық заң жобасын талқылап, қабылдауды тапсырды. Президент Жер кодексінің дау тудырған бірқатар нормаларының мораторийін тағы бес жылға ұзартқанын тағы бір мәрте еске салды. Н.Назарбаев «Жер реформасы бойынша құрылған комиссия

біраз шаруа тындырды. Қоғамның көкейінде жүрген проблеманы талқылап, бұған дейін ескерілмей келген көптеген кемшіліктерді анықтады. Осыған байланысты бірқатар ұсыныстар әзірленді. Соның барлығы бөлек, бір заңда көрініс тауып, Парламенттің қарауына енгізіледі. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы жерлерін тарату жүйесін жетілдіру, жерді ұтымды пайдалануды бақылау және тағысын тағы. Шыны керек, бір қолға жүздеген мың гектар жерді бірден беріп тастауға болмайды. Біз осыны ескермей келдік. Әлем бойынша ондай тәжірибе жоқ. Бас кезінде жерді оңды-солды таратуға кірістік. Жерді алған әрбір адам оған жауап беруі керек. Жер ауыл шаруашылығы саласында тәжірибесі бар азаматтарға берілген жөн. Оның білімі бар, тәжірибесі бар дегендей. Бізде болса, кім көрінгеннің бәрі жерді алып алды. Қазір біз прокуратура арқылы ол жерлерді мемлекетке қайтарып жатырмыз. Себебі осы уақытқа дейін ол жерлерді қурай басып кетті», — деп атап өтті Парламент палаталарының бірлескен отырысында.

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Бақытбек СМАҒҰЛ:

ҚҰНДЫЛЫҚҚА ҚОЛ СҰҚПАУЫ ТИІС

Сессиядан кейін, алқалы жиын барысында көтерілген өзекті тақырыптарға қатысты Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұлдың ойын білдік.

Жас қазақ: Бақытбек Смағұлды жаңа ғана Елбасы біраз мәселені айтты.

Бақытбек Смағұл: Иә, әсіресе ұлттық қауіпсіздікке байланысты айтқан пікірі қатты ұнады. Себебі соңғы кездері еліміз терроризммен бірнеше рет бетпе-бет келді. Ал бұл мәселені дер кезінде шешпесек, ертең ұлтымыздың болашағы бұлыңғыр болайын деп тұр. Еліміздің халықаралық дәрежедегі демократиялық құқығын пайдалана отырып, барша құндылықтарды қабылдады. Діни сенім мәселесінде Ата заңымызда әрбір адамға тең құқық берілген. Бұл, әрине, мақтан тұтарлық жағдай.

Алайда біздің мемлекеттің белгілеген асыл діні мен мәзһабын мансұқтап, жат ағымды насихаттап



жүрген адамдар пайда бола бастады. Тап осы жат ағымның әсері біздің тұрмысымызға, болмысымызға, дамуымызға кедергісін келтіріп жатыр. Қандай жағдай болмасын мемлекет мүддесі үшін жат ағымның таралуына тыйым салуымыз керек. Дін биліктен бөлек десек те, екі ортадағы келенсіздіктерді реттеп, оны жөнге салып отыруға үкімет міндетті. Ақтөбе мен Алматыда болған қанды қырғынның артында салафилік ағымды ұстанушылардың тұрғанын ешкімнен жасырмауымыз керек. Біз өзіміздің ішкі құндылықтарымызға ешкімнің қол сұғып, араласуына мүмкіндік бермеуіміз қажет.

Сұхбаттасқан
Серік ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

Қылбұрау

Сән әлемінің белгілі тұлғасы Лилия Рахтың адам ұрлау ісіне қатысты бар делінген төртінші күдікті де тұтқынға алынды. Бұл туралы Алматы қалалық Алмалы аудандық сотының баспасөз қызметі хабарлады.

Төртінші серіктесі ұсталды



Күдікті Бакыт Шалбаев Лилия Рах, Мири Паз және Ислам Месировпен бірге 2 айға қамауға алынды. Олардың барлығы өзбек азаматы Хамро Сувановты ұрлады деген күдіктен ұсталды. Сот, сондай-ақ ұрлау оқиғасының Алматы әуежайы аумағында болғанын да хабарлады.

Естеріңізге сала кетейік, жуырда кәсіпкер Лилия Рахтың тұтқындалғаны жайында хабарланған болатын. 2016 жылдың 9 шілдесінде Алматы полициясына 33-жастағы Өзбекстан азаматының жоғалғаны жайында шағым түсірген. Құқық қорғау органдары ер адамның ұрланғанын және оны жалдамалы пәтерде ұстағанын анықтаған еді.

ФОТОАЙҒАК



Серік МӘМБЕТОВ,
Матрица.kz сайтының редакторы:

САУАТСЫЗДЫҚТАН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Осы жылдар ішінде біз дүкендер мен басқа да мекемелердің атауын, билбордтар мен жарнаманың, тіпті банк пен басқа да құжаттардың сауатсыз қазақ тіліне аударылғанын көріп жүрміз. Бұл суреттерді ғаламтордан 5-ақ минутта таптым. Ал егерде еліміздегі қала мен ауылдарды аралайтын болсақ, одан да көп кездестіретініміз анық. Бұл қашан бітеді?



Сарап

Біз Өзбекстанның алыс-жақын елдермен арадағы экономикалық байланысына тоқталуды жөн көрдік. Өйткені, әлемдегі геосаяси ахуал шетін күйге түскен бүгінгі заманда кез келген елдің беталысын оның экономикасы мен халқының әлеуметтік деңгейі айқындайтыны анық.

Кім қалай айтса да, қателеспейтін ақиқат бар. Ол – Кіндік Азиядағы халқы (30 млн) ең көп, астан-кестеннен арылмаған Ауғанстанмен шекаралас елдің ертеңі көршілерін де, аймаққа көз тіккен алпауыттарды да бей-жай қалдырмайтыны.

Тағы бір тұжырымды айтсақ, ешкім теріске шығармас. Жаһандану тұсында ешбір мемлекет томағатұйық тіршілікпен өркендеп кете алмайды. Рас, соңғы жылдары И.Кәрімов сыртқы байланысты жандандыруға көңіл бөле бастады. Ұжымдық қауіпсіздік ұйымынан шыққан Өзбекстан бертініректе Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) қызметіне белсене араласты. Дегенмен, қытайлар еркін сауда аймағын ШЫҰ шеңберінде іске асыруды ұсынғанда өзбек үкіметінде экономикадан жауапты вице-премьер Рүстем Әзімов мұны

Кеше өзбек жұрты ел тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерейтойын тойлады. Мустақилік байрамы (егемендік мерекесі) тұңғыш рет Ислам Кәрімовтің қатысуынсыз өтті. Сәрсенбі күні мемлекеттік телевизия арқылы президенттің құттықтауы оқылды. Міне, осыдан кейін И.Кәрімовке қатысты бір-біріне қарама-қайшы мағлұмат таратқан fergana.ru секілді мәскеулік ақпарат құралдарындағы хабар легі біраз саябырсыды. Бірақ түрлі болжам айтып, елдің келешегі жөнінде пікір білдірушілер әлі де көп.

— Қытай газ құбыры желісінің елеулі бөлігі өзбек жері арқылы өтеді. Сарапшылар саяси талапты көлденең тартпайтын, тек инвестиция мен өзара тиімді жобаны ұсынатын Бейжіңмен қарым-қатынастың өзбекке тиімді екенін айтады. Елдегі тағы бір ірі инвестор — Оңтүстік Корея. Кәрістер өзбек жеріне қытайдан бұрын келді. Жұрттың қалтасына қолайлы «Нексия» көлігін құрастырып, өзбекті ғана емес, көрші елдерді де жарылқап тастады. Биылғы мамыр айында Корея Республикасының премьер-министрі Хван Ге



COMMENT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



5

КЕЛІСІМ



Осы аптада Орталық банктің төрағасы шейх Абдалла бен Сауд Әл Тани бастаған Қатар мемлекетінің делегациясы «Астана» халықаралық қаржы орталығына (АХҚО) келді. Делегация АХҚО Басқарушысы Қайрат Келімбетовпен кездесті. Ол қаржы орталығы жұмысының негізгі бағыты мен өзара ынтымақтастықтың алдағы уақыттағы перспективалары туралы айтып берді. Кездесу барысында АХҚО Басқарушы Қ.Келімбетов пен Қатар қаржы орталығының реттеу жөніндегі агенттігінің Бас атқарушы директоры М.Райн өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ЖАҢА ХАБ

Тараптардың пікірінше, бұл құжат мықты ынтымақтастық пен қаржы қызметтерін реттеу мен қаржы секторындағы қадағалау бойынша тәжірибе алмасудың іргетасын қалайтын болады. Атап айтқанда, меморандум ислам қаржысы үшін қаржы нарықтарын реттеу мәселелері бойынша ақпарат алмасуды көздейді. Исламдық қаржыландыру АХҚО-ны дамытудың негізгі стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Қатар исламдық қаржы орталықтарының бірі ретінде белгілі, сәйкесінше Қазақстанда исламдық банкингті дамыту шетелдік делегация тарапынан зор қызығушылық туғызды.

АХҚО Басқарушысы Қ.Келімбетов АХҚО исламдық қаржы бойынша еуразиялық орталыққа айналуы жоспарлап отыр және сондықтан исламдық қаржы қағидаттарына сәйкес арнайы құқықтық және реттеушілік негіздерді енгізу өте маңызды, — деп атап өтті.

Орталық банк төрағасы шейх Абдалла бен Сауд Әл Танидің сөзінше, Қатардың қаржы нарығының қатысушылары Еуразияда исламдық қаржы бойынша тағы да бір хабтын құрылуын қолдайды және АХҚО-мен ынтымақтастық орнатуға мүдделі.

АХҚО-ның капитал нарығын дамыту және активтерді басқару бойынша стратегиялық бағыттары да Таяу Шығыстағы инвесторлар үшін тартымды болуы мүмкін. Меморандум шеңберінде банк ісі, бағалы қағаздарды басқару және сақтандыру, басқа да қаржы қызметтерін қадағалау мен реттеуге қатысты ақпарат пен тәжірибе алмасу мәселелері шешімін табатын болады.

Мәлім
БЕГІМБЕТ

қолдаған жок. Ол аталған ұйымның 2025 жылға дейінгі стратегиясында әлгіндей аймақ құру көзделмегенін алға тартты. Ташкент осы арқылы аймақтық ұйымдардан гөрі екі жақты ынтымақтастыққа басымдық беретінін білдірді. Мұны мамандар өзбектің өзіне тән экономикасы деп бағалайды.

Экономика, нақтырақ айтқанда, инвестициялық жобаларға келгенде Бейжің Ташкенттің басты серіктесі екені белгілі. Былтыр өзара сауда-саттық көлемі 3,5 млрд доллар шамасында. 2014 жылы бұл көрсеткіш 4,7 млрд доллар еді. Мамандар бұған әлемдік дағдарыс әсер еткенін айтады. Кейбір деректерге жүгінсек, түрлі жобалардағы қытай инвестициясының үлесі өзгелерден басым. Биылғы маусымда Ташкентке келген Қытай төрағасы Си Зинпин 19 шақырымдық жерасты теміржол өткелінің (туннель) ашылу рәсіміне қатысты. Бұл өткел халық тығыз қоныстанған Ферғана ойпатын елдің өзге өңірлерімен байланыстыруға мүмкіндік берді. Құны 455 млн долларлық жобаны China Railway Tunnel Group компаниясы іске асырды. Бұл — қырғыз жері арқылы Қытайға өтетін 124 шақырымдық Ангрэн — Пап теміржол желісінің бір тармағы. Бұған қоса, Орталық Азия

Ан Өзбекстанға келіп, ірі кәсіпорынның ашылу рәсіміне қатысты. Қарақалпақстандағы Сүргіл кенішінде ашылған газ-химия кешені 4,5 млрд текше метр табиғи газ, 3,7 млрд тауарлы газ, 387 мың тонна полиэтилен, 83 мың тонна полипропилен өндіруге мүмкіндік береді.

Орталық Азияны өзінің «ықпал аймағы» деп есептейтін Ресей де өзбек елінде тұрақтылық болғанын қалайды. Сыртқы саясатта Мәскеудің экономикадан гөрі саясатты көбірек қүйттейтіні

белгілі. Содан болар, Ташкент ТМД-дан басқа аймақтағы интеграциялық ұйымдарға жылы қабақ танытпайды. Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына кіріп, содан кейін шығып кетті. Қазіргі Еуразия экономикалық одағына мүше болуға емеурін білдірген де емес. Газпром мен ЛУКОЙл ғана өзбек жерінде энергетика бойынша кейбір жобаларды іске асыруда. Байланыс жүйесіндегі МТС компаниясының Өзбекстаннан қалай кеткені мәскеулік басылымдарға біразға дейін «азық» болды. Өзбек

шетелдік инвесторларды тежейтін фактор екенін алға тартады. Соған қарамастан, Ресейдің өзбек экономикасына құйған инвестициясы 6 млрд доллардан асып кетті. Ал өзара сауда-саттық көлемі 2,8 млрд долларды құрады. Осыдан көрініп тұрғандай, сыртқы саудада Қытай өзінің аймақтағы бәсекелесі Ресейді ығыстыра бастады.

Орталық Азия экономикалық ынтымақтастық одағының жұмысы жүрмегендіктен болар, Қазақстан мен Өзбекстан

арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынас біразға дейін жандана қойған жоқ. 2008 жылы екі ел басшылары Астанада еркін сауда аймағын құру жөнінде уағдаласты. Міне, осыдан бастап сыртқы сауда айналымы жандана бастады. Былтыр өзара сауда-саттық көлемі 3,2 млрд доллардан асты. Екі елдің ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, жүк және жеңіл көлік, ауыр өнеркәсіп, көлік транзиті салаларында ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндігі мол. Ең бастысы, жақын көршілер өзара тиімді қарым-қатынасқа ден қойып отыр.

Талап ТІЛЕГЕН



Оқу жылы жағымды жаңалық! Түркия үкіметі жанындағы ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің Қазақстандағы өкілі Мехмет Бодұр Маңғыстау ауданындағы мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға жәрдемдесті.

мен мұғалімнің тікелей байланысын орнатуға арналған кабинет жасакталды. Шетпе селосындағы Н.Жұбаев атындағы орта мектепте технология кабинеті жабдықталып, жаңа құрал-жабдықтар әкелінді.

аудандық білім бөлімінің бастығы Светлана Қалиева және мұғалімдер қатысты. Мехмет Бодұр «Түркия қазақ елімен бауырлас мемлекет. Елбасы Н.Назарбаев болашақтың тұтқасын

ұстайтын жастарға зор сенім артып отыр. Сондықтан жастардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына қажетті жағдай жасауымыз қажет. Екі ел арасындағы ықпалды ынтымақтастықты артып, алдағы уақытта да осындай демеушілік көмек көрсететін боламыз», — деді.

Шара соны концерттік бағдарламаға ұласып, аудандық білім бөлімінің бөлім басшысы Светлана Қалиева Мехмет Бодұрға аудан әкімі Ж.Айтуаровтың атынан Алғыс хат табыстады.

Аллаберген
ҚОНАРБАЕВ

Қолдау



Тұшқулық селосындағы С.Жаңабылов атындағы орта мектепке оқушыларға арналған парта мен орындықтар, интербелсенді такта бас компьютермен, мұғалімдерге және зертханаға үстел орындығымен, химия кабинеті, зертханалық жұмыс жасайтын құрал-жабдықтар берілді.

Сондай-ақ қайырымды жандардың көмегімен Шебірдегі Қаратөбе орта мектебіне лингофон-мультимедия кабинеті, оқушыларға арналған парта мен орындықтар, ұстаздарға арналған үстел мен шафтар, интербелсенді такта бас компьютерімен, ағылшын, орыс, қазақ тілі пәндерінде оқушы

Білім саласында жан жадыратарлық жаналықтың құрметіне Нұн Жұбаев атындағы орта мектепте салтанатты жиын өтті. Шараға Түрік Республикасы үкіметі жанындағы түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің Қазақстандағы өкілі Мехмет Бодұр мен аудан әкімінің орынбасары Талғат Қыланов,



Орайы келген әңгіме

Жас казак: Кейінгі кезде баспасөз беттерінен көрінбей кеттіңіз? Тағы бір кітап жазып жатырсыз ба?

Ғаппар Маймаков: Казак әдетте сезінің бисімліләсін «көрінбей кеттіңізден» бастайды...

Жас казак: Енді...

Ғаппар Маймаков: Иә, «көрінбей» кеткенім рас. Кезекті кітабымды жазып жатырмын. Осы уақытқа дейін үлкенді-кішілі 20 шақты кітап жазып, жарыққа шығарыппын. Тақырыбымның дені — діни конфессиялар туралы, тарих койнауында жатқан ғылыми құндылықтар жайында болып келеді. Студенттерге арналған оқулық кітаптарымды уақыттың өзгеруіне байланысты жаңартып, жаңғыртып отыру да машығым.

Жас казак: Қабағыңызға карамай, қатқак сауал коймақпын... Осыншама еңбек жазып, кітап шығарып жатырсыз. Қазіргі жастар кітап оқымайды деп жатады. Әсіресе әдеби кітаптарды. Ал діни кітаптарды оқи қояр ма екен? Ренжіп қалған жоқсыз ба, Ғаппеке?

Ғаппар Маймаков: О не дегеніңіз? Мұндай сұрақты бірінші рет естіп отырған жоқпын. Әдеби кітаптарды өз басым оқып тұрамын, өзгелерде шаруам жоқ. Ал діни кітаптар оқылмайды дегенге үзілді-кесілді қарсымын. Оқығанда қандай?!

орын алды. Адамдардың басым бөлігі сыртқа шыққан кезде жанкешті жарылғыш затты іске қосқан. Бұдан өткен сорақылық, хайуандық болар ма?

(Екеуіміз де бір сәт үнсіз қалдық. Бауырлас Түркия халқына іштей қоңіл айттық...)


Жас казак: Әңгіменізді одан әрі жалғастырсаңыз...

Ғаппар Маймаков: Кешіріңіз, қай тұсына келіп едім?

Жас казак: Түркия қаласындағы теракт...

Ғаппар Маймаков: Көріңіз бе, терроризммен көп болып, барша халық болып, бүкіл әлем болып күреспесек, қайғы-қасірет әкеледі. Жалпы, террорлық әрекеттер әсіресе, қазіргі кезде Ауғанстан, Ирак, Ливия, Сирия, Түркия сияқты елдерде күнделікті көрініс беруде. Солтүстік Кавказда және Ресейдің көптеген қалаларында ондаған террористік әрекет жасалынып, көптеген адамдар терроризмнің құрбанына айналды. Осы әрекеттердің көпшілігі дінді өздерінің террористік әрекеттерінің жамылғысына айналдырып отыр. Оның үстіне батыстың біршама елінде исламдық құндылықтар аяқ асты етіліп, Мұхаммед пайғамбарды мазак еткен фильм, АҚШ-та әлдебір пастордың Құранды ашық түрде өртеуі, тыйым салынған «Мұсылмандардың пәктігі» атты Ислам дінін маскаралайтын фильм түсірілуі,

Бүгінгі таңда терроризммен күрес аса маңызды орын алып отыр. Діни секталардың белсенді әрекеті нәтижесінде жастарымыздың жат ағым жетегінде кетіп, соғыс өрті лаулаған Сириядан, бірақ шығып жатқандары да шындық. Санамызды сан алуан сауалдардың жаулап алғанын да жасырмаймыз. Осы орайда «Қазіргі заманғы дінтану негіздері, «Оңтүстік Қазақстан облысындағы діни жағдай және оның ерекшеліктері» сияқты бірнеше кітаптардың авторы, тарих ғылымының кандидаты, құқықтану доценті Ғаппар Қазыбекұлы Маймаковпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.



Ғаппар МАЙМАҚОВ:

СЕКТАДАН



Ғаппар Маймаков: Қатты кеткен екен ...

Жас казак: Сөйтсем, былай шыға беріп айтып жатыр ғой, әлгі келіншек жақын ағайындарының бірінің бұрынғы әйелі екен, жат діннің арбауына түсіп, «Иегова куәгері» болып шыға келіпті. Содан шаңырақтары шайқалып, ақырында, күйеуі асылып өліп қалған көрінеді... Осы «Иегова куәгерлері» туралы талай жазылып та жатыр, мен сіздің пікіріңізді білгім келеді? Бұлар қайдан келді өзі?

Ғаппар Маймаков: Досыңның ашуланатынындайы бар. «Иеговалықтар» талайлардың тағдырын талқандады... Кейінгі

насихат таратушылары, еліміздің әрбір қаласында қаптап жүр. Ал бұлар қайдан келді деген сұрағыңызға келсек, 1870 жылы АҚШ-та Чарльз Тейз Расселл Инжілді зерттеу ұйымын құрды. Осы ұйым негізінде «Иегова куәгерлері» атты діни ұйым құрылды. Орталығы — АҚШ-тың Нью-Йорк қаласы. «Иегова куәгерлері» дегеніміз — тәңірге куәлік еткен, тәңір Иегованың айтқанымен жүретін кісілер деген мағына береді. Құранды және Мұхаммед пайғамбарды мойындамайды. Сондықтан Иегова куәгерлері дәстүрлі діндердің қатарына жатпайды. Олар христиандықты да жоққа шығарады. Ал еліміздегі «Иегова куәгерлері» діни

мемлекеттерден түбірлі өзгешелікке ие. Конфессиялық бейбітшілік пен келісім — Қазақстан үшін мейлінше күрделі және өзекті мәселе. Әсіресе қазір дүние жүзінде діни төзімсіздік, діни экстремизм және терроризм шынайы қауіп төндіріп тұр. Елімізде экстремистік бағыттағы «Хизбут-тахрир» азат ету партиясы ұйымының заңға қайшы әрекеттері



Бүгінгі ұрпаққа әлемдегі және еліміздегі діни ахуалды терең оқып үйренудің, әртүрлі жат гіндердің мақсатын, әдіс-амалдарын басқа да әрекеттерін білудің маңызы зор. Себебі бүгінгі күнгі дәстүрлі емес гіндер өздерінің жұмыстарының әдіс-амалдарын, түр-сипатын үнемі өзгертіп отырады. Олар көптеген жастарды өз гіндерінің құрбандарына айналдырып та үлгерді. Мұндай жағдай біздің республикамызда да орын алып отыр. Осының бәрі мектептер мен жоғары оқу орындарындағы дәстүрлі гінтану пәндерін қайта қарауды және оқытуды талап етеді.

жұртшылықтың наразылығын тудырды. Олар Ислам атын жамылып, дінаралық келісім мен ынтымаққа зиянын тигізіп, бейбіт өмір тыныштығын бұзуды мақсат етті. Тағы да қайталап айтқым келеді, көптеген жасөспірімдер

САҚ БОЛАЙЫҚ!

Қазіргі жастар діни сауатты, көздері ашық, көкіректері ояу. Студенттерге арналған оқулықтарым бар. Одан өзге діни кітаптарымды мешітке барып, ағазы тыңдап жүргендердің де қолдарынан көріп, қуанып қалғаным бар. Демек, жастардың діни кітаптарға көзқарасы өзгерген, сіз баяғы кенес дәуірін еске салмаңыз.

Жас казак: Ғафу өтінемін. Дегенмен, жастардың арасында діни сауаты нашар, кім не айтса, соның жетегімен кететіндерді де естіп қалып жүрміз. Оны мойындайтын шығарсыз? Бұрын балаларымыздың мешітке барғанын саналы түрде қалайтынбыз. Қазір, қорқып та қалдық. Сақалдылар сан соқтырып кетіп жүр емес пе? Бұған не дейсіз?

Ғаппар Маймаков: Иә, жастардың бәрі діни сауатты деп құрғақ қасық жұта алмаймын. Мойындаймын. Жат діннің жастарға ықпалы да артып отыр. Міне, күні кеше Түркияда үйлену тойы кезінде теракт болып, 50-ге жуық адам көз жұмды. Бұл оқиға түріктің Газиантеп қаласында

Францияның сын-сықақ журналы пайғамбарды келекелеп сурет салуы халықаралық дәрежеде Ислам және христиан әлемінің арасын шиеленістіруге әрекет етті. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Қазақстанда да діндер мен конфессиялардың саны көбейіп, 45-ке жетті. Бұрын-соңды болмаған діни конфессиялар тез арада пайда болып, өздерінің діни ғимаратын салып қана қоймай, жергілікті халық есебінен мүшелерінің санын да еселеп арттыра түсті. Кейін елімізде «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы қайта тіркелді. Дін саласындағы қатынастар қайта талдау мен жіктеуден өтті. Енді олардың саны 45 емес, 17 екендігі анықталды. Сондықтан да, бүгінгі ұрпаққа әлемдегі және Қазақстандағы діни ахуалды терең оқып үйренудің, әртүрлі жат діндердің мақсатын, әдіс-амалдарын басқа да әрекеттерін білудің маңызы зор. Себебі бүгінгі күнгі дәстүрлі емес діндер өздерінің жұмыстарының әдіс-амалдарын, түр-сипатын үнемі өзгертіп отырады.

Олар көптеген жастарды өз діндерінің құрбандарына айналдырып та үлгерді. Мұндай жағдай біздің республикамызда да орын алып отыр. Осының бәрі мектептер мен жоғары оқу орындарындағы дәстүрлі дінтану пәндерін қайта қарауды және оқытуды талап етеді.

Жас казак: Менің Ахмет деген досым бар. Сарыағаштық. Қайбір жылдары екеуіміз Шымқалада кездесіп қалып, әңгімелесіп тұрғанбыз. Кенет бір келіншек жанынан өте беріп, сәлемдесіп еді, досымның оны жерден алып, жерге салғаны.

Ғаппар Маймаков: Несі бар екен, ол келіншекте?

Жас казак: «Бәсе, несі бар еді?» деп іштей ойлап тұрғанмын. Әлгі келіншекке ұрысып жатыр. «Туыс ағамның шаңырағын бұздың, ал не таптың? Қане шыққан мүйізін?» дейді ме...



уақытта католик, протестанттық және дәстүрлі емес діни құрылымдар өз қызметін белсенді түрде жүргізуде. «Иегова куәгерлері» бірлестігінің миссионерлік қызметі ерекше қарқын алуда. Олар еліміздегі сан жағынан өсіп келе жатқан конфессия болып отыр. «Иегова куәгерлері» діни бірлестігін елімізде екінің бірі біледі. Өйткені, ағым мүшелері өздерінің діни насихатын белсенді жүргізіп жатыр. Дәл солар секілді, көшеде кетіп бара жатқан адамды тоқтатып алып немесе әрбір үйдің есігін қағып, көрінген адамның іші-бауырына кіре, түрлі-түсті көз тартар кітапшасын таратып, онымен қоймай, өздерінің Инжілді оқыту жиналыстарына шақырып, жатпай-тұрмай енбектеніп жатқан өзге діни ағымдар некен-саяқ. Әлем бойынша жеті миллиондай мүшесі бар «Иегова куәгерлері» бірлестігінің

орталығы Есік қаласында орналасқан. Олардың 71 діни бірлестігі әділет органдарында ресми тіркелген және 30-дан аса жергілікті қауымдастығы бар. Ұйым қатты наукас немесе апатқа ұшыраған өз мүшесіне өзге адамдардың қанын құюға тыйым салады. Осы жағдайдан кейін кейбір мүшелерінің қайтыс болып кететіні де бар. Бұл ұйымға кіргендер қайта шыға алмайды. Алдымен өзі, сосын отбасы бұзылады...

Жас казак: Дұрыс айттыңыз! Шымкентте осы ұйымның бір мүшесі ауыр халдегі туған ұлына қан құйғызбай, ақырында, қайтыс болып кетті емес пе?

Ғаппар Маймаков: Мұндай мысалды көптеп келтіруге болады. Дін — күрделі қоғамдық құбылыс. Қазіргі еліміздегі діннің жағдайы авторитарлық, тоталитарлық және теократиялық басқару жүйесі бар

мен мемлекетіміздің болашағы болатын жас ұрпақтарымыз Иегова куәгерлері. Кришна сектасы, саентология шіркеуі, тағы басқа да сектаға кіріп, өзінің қандай бағытқа бара жатқанын білмей, ата-анасының айтқанынан шығып, өмірде дұрыс емес, бұрыс жолға түсіп кетті...

Жас казак: Иә, өкінішті-ақ. Айтпақшы, сақалды жігіттер, салафиттер туралы не айтасыз?

Ғаппар Маймаков: Бұл өте ұзақ әңгіме. Сондықтан келесі бір сұхбаттасудың сәті түссе...

Жас казак: Құдай соған жазсын, «өзірге әңгімені доғарайықты» түсіндім. Рахмет сізге!

Ғаппар Маймаков: Сөз бұйдасын ұстатып отырған сізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Мұхтар ШЕРІМ

Шара

Орталық коммуникациялар қызметі
Маңғыстау облыстық филиалы алаңында
өңірлік білім басқармасы басшысы Зейнеп
Тастемірованың қатысуымен баспасөз
мәслихаты өтті.

Жаңа мектеп – ЖАҢА БАҒЫТ



«Биылғы жылы жалпы білім беретін орта мектептерде 1-сыныпқа қабылданған оқушылар бес күндік оқу жүйесіне және жанартылған білім беру мазмұны бағдарламасына көшеді. Бірінғай үлгідегі мектеп формасын енгізу мәселесі көтерілгені белгілі. «ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес мектеп әкімшілігі ата-аналармен бірге тандаған бірыңғай оқу формасына рұқсат береді. Білім ошақтары оқушыларға форманы күштеп алғыза алмайды. Әрбір білім беру ұйымы мектеп формасын енгізу мерзімін белгілеуге құқылы», — дейді басқарма басшысы.

Бірыңғай үлгідегі мектеп формасын ендірудегі басты мақсат — оқушылар арасында әлеуметтік, мүлдікті, басқа да өзгешеліктерді жою. Талаптар министрліктің бұйрығымен бекітілген. Аталған құжатта мектеп формасының классикалық үлгіде болуы керектігі туралы айтылған. Сондай-ақ мұнда форманың үлгісін, түр-түсін ата-аналар бекіткен қоғамдық кеңес тандайтыны көрсетілген. Білім беру ұйымдары отандық киім өндірушілерді тандауға ұсыныс айтқанымен, оқушыларды нақты өндірушілерден алуға міндеттемеуі тиіс.

З.Тастемірованың айтуынша, «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы қазан айының орта тұсына дейін жалғасын табады. Шараның басты мақсаты — аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде



және әлеуметтік себептермен мектептен қалып қоятын балаларға көмек көрсету. Аталған шараға қалталы қайырымды азаматтар мен меценаттар да қолдау көрсетіп жатыр. Жаңа оқу жылында өңір бойынша екі жаңа оқу ордасы іске қосылады. Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласында 120 орындық жатақханасымен 550 орындық мектеп-интернат және Бейнеу ауданы Бейнеу селосында 900 орындық оқу ошағы өз есігін ашпақ.

өзгесі — арнайы дайындау. Біз видео студия мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, бейне монтаж жасау маманы көмегімен онлайн-дәрістерді студияда түсіреміз. Онлайн білім беру орталығының бейне-материалдарын осылайша дайындаймыз», — дейді.

Сонымен қоса, видео-студияда онлайн-аудиторияға арналған бейне-сұхбаттар мен бейне-өнімдер түсірілімі өтеді. Бұның ең алдымен шалғайда жатқан ауыл жастарына тигізер пайдасы көл-көсір. Қазақ тіліндегі тренингтерді ғаламтор көмегімен тамашалау, өз тандауына сай оқу курстары бойынша дәріс тындау жастардың білім-біліктілігін арттыруда маңызы зор. Мүжәлсіз отбасы мүшелері мен мүмкіндігі шектеулі жандарға кез келген оқыту курсы тегін болмақ.

Онлайн-офлайн оқыту орталығында робототехника, бизнесті модельдеу, интернет-маркетинг, контент маркетинг, биотехнология, тайм-менеджмент, мультимедиа журналистикасы, әлеуметтік желілер мен жаңа медиа негіздері, проект менеджмент сынды бірнеше оқу курстары ұйымдастырылады. Қазіргі таңда білім беру ұйымында алты тәлімгер қызмет етеді.

«Жанар Сейсенәлиева инженерінг саласынан сабақ береді. Эмилия Мұбарак ағылшын тілі, жеке тұлғаның дамуы және адами ресурстарды басқару бойынша, Асхат Тайыров қаржылық сауаттылық, бухгалтерлік есеп жүргізу, мекеменің қаржылық

Алматы қаласында орналасқан «Киров» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері Ақтауға келді. Жас ұландар әскери теңіз институты қабырғасында теңіз әскерилерінің оқу-жаттығулары туралы мол мағлұматқа қанықты. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында жүзеге асқан жоба жас ұрпақ бойына еліміздің әскери теңіз күшіне деген құрмет сезімін қалыптастырмақ.

теңіз күштерінің байрағы бүгін көкке көтерілді. Болашақ әскери теңізшілердің армандары асқақ, мерейлері үстем. Әрине, бейбіт күнге үлес қосқан есіл ерлер дәйім есте. Гүл шоқтары Отан үшін от кешкен жауынгерлер мен азаматтардың рухына арналады», — дейді Оң бастама биыл алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Алдағы уақытта өз жалғасын табады деп жоспарланған.

«Киров» әскери-патриоттық клубының басшысы Бакығжан Перімбетов «Біздің құрамда болашақта теңіз әскері, жаяу әскер немесе авиацияға офицерлік кадр болуды қалайтын балалар білім алады. 5-9-сынып аралығында үздік, белсенді де білімді, алғыр қабілеті мол шәкірттерді анықтап, институттарға жолдаймыз. Бұл сапар біз үшін онайға түскен жоқ. Бірақ клуб тәрбиеленушілері үшін аса пайдалы сапар болды деген сенімдеміз», — деді.

Қарулы Күштер әскери теңіз күштері бас қолбасшының орынбасары Серік Боранбаев «Алматы қаласы әкімдігімен меморандумға қол қойып, әскери-шефтік жұмыс бағдарламасы бойынша бес күн бойы «Киров» әскери-патриоттық клуб тәрбиеленушілері әскери теңіз күштерінің дайындық жұмысымен танысады. Осыдан 20 жыл бұрын Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет желбіреген әскери

Жобаша

Желішек теңіз тарланы



Игі бастама

Арман жастар орталығы тағы бір тың жобамен толықты. Ай-ти кәсіпкер Тимур Бектұрдың бастамасымен бой көтерген «Timur Academy» оқу орталығы қыркүйек айының орта тұсында өз есігін айқара ашпақ. Жаңа жоба көп жылдық тәжірибе мен сан салалы сараптама жемісі десек қате айтпағандығымыз. Себебі тренинг пен оқу жоспарын ұйымдастыру, тәлімгер тобын таңдау, уақытты тиімді басқару, білім бағдарламасын бекіту, қаржылық реттеу сынды жеке кәсіпті дөңгелету жолын жан-жақты игеру оңай іс емес. Игі бастамаға батыл қадам жасау уақыт талабынан туындаған дүние. Тимур Бектұр тың идеяны жүзеге асыруды 2008 жылдан бері жоспарлапты.

«2008 жылдан бері тайм-менеджмент, әлеуметтік желілерді тиімді қолдану, блог-тұғырнамасын жүргізу, компьютерлік бағдарламалау бойынша шағын әрі тегін тренингтер өткізіп жүрдім. Тәлімгерлік тәжірибем толыспаған кез десем болады. Дегенмен әркез ізденімпаз, білімді, білікті, берері мол жастардың басын қосып, оқыту орталығын ашу ойымда жүрді», — дейді Ай-Ти маманы.

Орталық жұмысын ұйымдастыру, дәріс форматын таңдау, ғаламтор парақшасын ашу әрі ақпараттық материалдарды желіге жүктеу сынды қыруар қаржы мен есепсіз еңбекті талап ететін жобаны іс жүзіне қосуға, әрине, шетелдік тәжірибе үлгі бола алды.

«Khan Academy» сынды халықаралық білім беру ұйымдарының жұмыс үлгісін басшылыққа алған. «Timur Academy» атауы да осыдан шыққан.

Уақыт өте білікті маман көзқарас көкжиегі кең, ойы үндес, талабы зор, таланты мол, жігерлі

«Timur Academy» ашылды




«Қазіргі таңда әлемде бейне-дәрісті дайындау екі форматта жүргізіледі. Бірі – тренинг барысын толық түсіріп, көрерменге ұсыну, өзгесі – арнайы дайындау. Біз видео студия мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, бейне монтаж жасау маманы көмегімен онлайн-дәрістерді студияда түсіреміз.

жас толқын өкілдерін кезіктіреді. Осылайша, «Timur Academy» онлайн-офлайн оқыту орталығының іргетасы қаланып, жастар үйінде кабинеті жасакталды.

ақпараттық құрал-жабдықтармен жасакталған видео студия жұмысы жолға қойылыпты.

Т.Бектұр «Қазіргі таңда әлемде бейне-дәрісті дайындау екі форматта жүргізіледі. Бірі – тренинг барысын толық түсіріп, көрерменге ұсыну,



Жас казак: Тамара ханым, Маңғыстау өңірінің басшылығы сізге пәтердің кілтін ұстатты. Қуанышты жаңалығыңызбен бөліссеніз?

Тамара Асар: Қуанышты бөліссен көбейеді, дегендей, сіздермен бөлісім келеді, достарым! Мен қазақтың қызымын!

Өнерімді елім, жерім дәріптеп, «Хан» көтеріп келеді. Ризамын, шүкір. Маңғаз Маңғыстауымның мәрт азаматы Самат Мұсабаев бастаған құрылыс компаниясы демеушілік етіп, аймаққа өз еңбегін сіңіріп келе жатқан. Орақ Аяпов сияқты ағаларым камкор болып, облыс әкімі Алик Айдарбаев салтанатты түрде маған Ақтау қаласының орталығынан су жана көтерілген үйден 3 бөлмелі пәтер сыйға тартты. Шын жүрегімнен жоғарыдағы аты аталған және атсалысқан ағаларыма алғысым шексіз.

Жас казак: Ал Сіз туған жерге деген сағынышыңызды қалай жеткізіп жүрісіз?

Тамара Асар: Енді, әрине, әр адам үшін өзінің туған жері ыстық болады. Сондықтан қай жерде жүрмесін әр адамның туған жерге деген сағынышы бір бөлек. Мен ол сағынышымды тек әнмен жеткіземін.

Жас казак: Шығармашылығыңыздағы жаңалықты айта кетсеңіз?

Тамара Асар: Аллаға шүкір деп айтайын, биылғы жыл мен үшін өте жақсы жыл болды. Шығармашылықта да жаңалық көп. Жана бейнебаян түсірдік. Сонымен қатар «Ханзада» деген дуэтпен жана ән жаздық. Әлі де алда жоспарымыз бар.

Жас казак: Сізді халық өмір жолында да, өнер жолында еңбеккор, қайсар азаматша ретінде таниды. Дегенмен әлі де болса бағындыра алмай жүрген белесіңіз бар ма?

Тамара Асар: «Еңбек бәрін жеңбек» – дейді, сондықтан, біз еңбексіз қайда барамыз?!

Жоспарға да, максатқа да өмірде, өнерде де, тіпті денсаулықтың жолында да адамға еңбек керек. Еңбектенген адам ғана жетістікке жетеді. Қазір психология мамандығында докторантурада оқимын. Сол жақтағы жұмысымды жақсылап

жасасам деген ойым бар.

Жас казак: Бір сұхбатыңызда негізгі жұмысым Маңғыстауда деп айтыпсыз? Ол жақта

Белгілі қазақ әншісі Тамара Асар – өмірде де, өнерде де өжеттілігімен көзге түскен талантты әншілердің бірі. Өзінің ерекше даусы мен табиғи дарындылығының арқасында көпшіліктің қошеметіне бөленіп, халықтың сүйіктісіне айналды. Жақында ғана ерен еңбегі бағаланып туған жері Маңғыстау облысының әкімдігі қолдауымен 3 бөлмелі пәтердің иесі атанған әншімен сұхбаттасудың сәті түсті.

қандай жұмыс жасайсыз, әлде дайындап жатқан шығармашылық ұжымыңыз бар ма?

Тамара Асар: Иә, мен Маңғыстауда жұмыс жасаймын. Ол жақта шығармашылық байланысымыз да бар. Негізгі мүмкіндік пен қолдауды Маңғыстаудан аламын. Жақында үлкен бір жоспарды жүзеге асыру ойда бар.

Жас казак: Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда бір ән жарыққа шыққаннан кейін шетелдің әні екені белгілі болып, ұрлап алыпты немесе сатып алыпты деген әңгімені жиі естіп жатамыз. Сіздің ойыңызда жоқ па, шетелдің әнін алып орындау?

Тамара АСАР:

Тамара Асар: Шетелдің әнін айту қылмыс емес, егер де оның авторының уақытын орнымен жазса. Себебі бұл тәжірибе алмасу және адам өзін-өзі шындау деп есептеймін. Аударып айта ма, әлде сол күйінде айта ма авторы айтылу керек. Бұл қай заманда да, қай кезде де болған. Мысалы, айтатын болсақ, Абайдың өзі Пушкиннен, Гетелен аударған. Сондықтан онда тұрған ешнәрсе жоқ, тек ой кімдікі екені міндетті түрде айтылуы керек. Менің репертуарымда шетелдің Ресей, Грузин халқының әні өте көп. Бірақ сол күйінде орындап жүрмін. Болашақта егерде жаксы ән кездесіп жатса, сөзін аударуға мүмкіндік болатын шығар деп ойлаймын. Авторы міндетті түрде сол күйінде қалады.

Жас казак: Сіздің хитқа айналған әлемдік деңгейдегі әндер мен отандық акын-жазушылардың тағдырын зерттеп жүргеніңізден хабардармыз. Қандай нәтиже бар?

Тамара Асар: Мен кімді қалай нені зерттесемде, барлығын өзім үшін зерттеймін. Себебі мен оны біреуге дәлелдеу үшін емес – өзім бір ой тұжырымдау үшін зерттеймін. Нәтижесі өте керемет, өзіме керек сабағымды аламын.

Сұхбаттасқан Руслан ДОСТАЕВ

Тұлпар мінген батыр



Маңғыстау өңірінің басшылығы Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері Әділбек Ниязымбетов пен оның бапкері Марат Жакиевті арнайы қабылдап, «темір тұлпарды» сыйға тартты. М.Жакиевке Toyota Land Cruiser 200 және Әділбекке Toyota Land Cruiser Prado көлігін мінгізді.



Сондай-ақ Берік Әбдірахмановқа 5 миллион теңгенің сертификатын тарту етті.

Алдымен өңір басшысы, Алик Айдарбаев байрақты бәсекеде ел намысын абыроймен қорғаған Әділбек пен бапкерін жеңістерімен құттықтады. Жерлестерін қуанышқа кенелткен талантты ұлды тәрбиелеген ата-анасы мен бапкері Марат Жакиевке алғысын білдірді.



Көкбастаудағы дүбірлі доға



Конституция күні мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Алматы облысы Жамбыл ауданының «Көкбастау» ипподромында Президент кубогі үшін республикалық ұлттық ат спорты түрлерінен дүбірлі жарыс өтті.



Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл жарыс биыл 19-шы рет өткізілуде. Аламан доданы Алматы облысының әкімдігі ұйымдастырды. Дүбірлі додаға еліміздің барлық өңірі мен көршілес қырғыз елінен келген шабандоздар қатысты.

Көптен күткен ат жарысы тай бәйгесімен басталды. 5 шақырымдық тай жарысында Жұлдыз топ жарып, алғашқы орыннан көрінді. Одан кейінгі 11 шақырымдық құнан бәйгеде Ажарторы атты сәйгүлік бірінші келді.

Еліміздің әр өңірінен келген 24 жорға қатысқан 9 шақырымдық жарыс тартысты өтті. Жамбыл ауданынан келген Жойкын атты жорға топ арасынан алғашқы орынды иеленді. Дүбірлі ат жарысымен қатар

теңге ілу, қыз қуу, аударыспақ, көкпар сынды ұлттық ойындар жарыстың көркін аша түсті.

16 шақырымдық топ бәйгеде Карасай ауданының Сүліккара атты тұлпары топ ішінен оқ бойы озық шықты. 25 шақырымдық аламан бәйгеде 57 тұлпар қатысты. Сәйгүліктерді шаңына ілестірмей жүйтікпен Карасай ауданының Миллионер атты тұлпары мәреге бірінші болып жетті.

Биылғы ат жарысына 7 темір тұлпар тігілді. Бас бәйгеге қолы жетпегендер де сыйлықтан тыс қалмады. Тұлпар иелері ақшалай сыйлықпен, ал үздік шабандоздар арнайы дипломмен марапатталды.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

**Директор – Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Мендолла ШАМУРАТОВ Бас редактордың орынбасары – Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ – қоғам және әлеумет

Макпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ – арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ – фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)

Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс – №2112; Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.